

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 25-12 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2019 жылғы 20 наурыздағы № 28-11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 сәуірде № 5279 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына, 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 25-12 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" (2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5136 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 16 994,0 мың теңге;

салықтық түсімдер – 7 520 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 9 474,0 мың теңге;

2) шығындар – 19 021,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – (-2 027,9) мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 027,9 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 027,9 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қарақоға ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетінде аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімі ескерілсін:

1) ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихаты сессиясының
төрағасы

Т. Әбілмәжінов

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының хатшысы

Т. Әбілмәжінов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев
ауданы мәслихатының 2019 жылғы 20
наурыздағы № 28-11 шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев
ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29
желтоқсандағы № 25-12 шешіміне 1-қосымша

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	16 994,0
1			Салықтық түсімдер	7 520,0
	01		Табыс салығы	3 590,0
		2	Жеке табыс салығы	3 590,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 930,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	60,0
		3	Жер салығы	300,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3570,0

4			Трансферттердің түсімдері	9 474,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	9 474,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	9 474,0
Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығындар	19 021,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14 762,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 762,9
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 562,9
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
04			Білім беру	3 100,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 100,0
		005	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	3 100,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	240,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	240,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	240,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	919,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	919,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	919,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2 027,9
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 027,9
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 027,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 027,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 027,9